

**"1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі табыстың жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкестігін анықтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 310-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 20 наурыздағы № 120-ө-м Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 сәуірде № 8418 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 685-ө-м бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2013 № 685-ө-м бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 20 шілдедегі Заңының 13-бабы 2-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі табыстың жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкестігін анықтау қағидаларын ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 310-ө бұйрығына келесі өзгерістерді енгізу (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3355 болып тіркелген) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

мемлекеттік тілдегі тақырып пен мәтінге өзгерістер енгізілген;  
орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

Көрсетілген қаулымен бекітілген 1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі табыстың жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкестігін белгілеу қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті (Мақанова Ә.Қ.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің вице-министрі Т.Б. Дүйсеноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі                    С. Әбденов

Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің  
2013 жылғы 20 наурыздағы  
№ 120-ө-м бұйрығына

қосымша

Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің  
2004 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 310-ө бұйрығымен бекітілген

### **1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі табыстың жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкестігін белгілеу ҚАҒИДАЛАРЫ**

1. Осы 1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі табыстың жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкестігін белгілеу Қағидалары «Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 13-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленді және Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан (бұдан әрі - Орталық) төленетін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қабылданатын, 1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі табыс мөлшерінің жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкестігін белгілеудің тәртібін белгілейді.

2. «Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істеген кезеңі үшін алынған табыс туралы мәліметтерді ұсынған жағдайға қағидалар қолданылмайды.

3. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қабылданатын,

1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі табыс мөлшерін анықтау кезінде « Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы № 245 қаулысына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару жүзеге асырылған табыстың барлық түрлері қабылданады.

4. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі - агент) берген есептелген, ұстап қалған және аударылған міндетті зейнетақы жарналары көрсетілген 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап, кез келген қатарынан үш жылғы табыс туралы анықтама, немесе жеке кәсіпкерлердің, адвокаттар мен жекеменшік нотариустардың салық органы растаған табысы туралы анықтама өтініш иесінің табысын растайтын құжат болып табылады.

5. Ұстап қалған және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомаларының, өтініш иесінің зейнетақы төлемдерін тағайындату үшін ұсынылған табысына сәйкестігі міндетті зейнетақы жарналары салымшысының (бұдан әрі - салымшы) транзиттік шотындағы айналымдардың электронды үзінді көшірмесімен расталады.

6. Орталықтың аудандық (қалалық) бөлімшелерінің қызметкерлері табыс туралы анықтамада, салымшының транзиттік шотындағы айналымдардың электронды үзінді көшірмесінде көрсетілген сомалардың сәйкестігін тексереді.

7. Табыс туралы анықтамада, салымшының транзиттік шотындағы айналымдардың электронды үзінді көшірмесінде көрсетілген сомалар толық сәйкес болған кезде, Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қабылданатын орташа айлық табыстың мөлшері Заңның 14-бабы 2-тармағына сәйкес айқындалады.

8. Табыс туралы анықтамада, салымшының транзиттік шотындағы айналымдардың электронды үзінді көшірмесінде көрсетілген міндетті зейнетақы жарналарының сомалары сәйкес келмеген немесе толығымен сәйкес келмеген жағдайда, Орталықтың аудандық (қалалық) бөлімшелері анықталған айырмашылықтарды агенттен нақтылау үшін, мөртаңбамен расталған және Орталықтың аудандық (қалалық) бөлімшесі бастығының қолы қойылған салымшының табыс туралы анықтамасын көшірмесін зейнетақы төлемдерін тағайындатуға өтініш берген адамға қайтарып береді.

9. Агент өтініш иесіне айырмашылықтар анықталған айлар бойынша міндетті зейнетақы жарналары аударылғаны туралы осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама-растамба береді. Анықтама-растамбада өтініш берген адамның тегі, аты, әкесінің аты мен туған күнінен басқа, агент банктің белгісі бар төлем тапсырмаларының көшірмелерін қоса, салымшыға 10% міндетті зейнетақы

жарналарын аудару жүзеге асырылған төлем тапсырмасының деректемелерін ( банктің атауын, банктің банктік сәйкестендіру коды, агент шотының нөмірін, төлем тапсырмасының нөмірін, күнін, жалпы сомасы мен жарналар сомасын) к ө р с е т і л е д і .

10. Айлар бойынша анықталған айырмашылықтар нақтыланғанға дейін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қабылданатын орташа айлық табыс, айырмашылық анықталған айлардағы табыс сомасын алып тастай отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын аудару жүзеге асырылған айлардағы табыс пен салымшының транзиттік шотындағы айналымдардың электронды үзінді көшірмесімен расталған сомалардан а н ы қ т а л а д ы .

Бұл орайда, Заңның 14-бабы 2-тармағына сәйкес жұмыс істеген 3 жылғы зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қабылданатын табыс, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған жалпы табыс сомасын отыз алтыға бөлу жолымен айқындалады.

11. 1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі, міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару жүзеге асырылмаған табыс зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қабылданбайды.

12. Өтініш беруші міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару толық жүргізілмеуімен байланысты табысы туралы қосымша құжаттар ұсынған жағдайда, тағайындалған зейнетақы төлемдерін қайта есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылға 25 тамыздағы № 819 Қаулысымен бекітілген мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеуді жүзеге асыру ережесінің 28-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Бұл ретте, қосымша ұсынылған құжаттар бойынша ескерілетін орташа айлық табыс кезеңі, бастапқы ұсынылған, зейнетақы төлемінің мөлшері есептелген кезеңге сәйкес болуы тиіс.

1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі табыстың жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкестігін анықтау қағидасына қосымша

Нысан

Берілген күні \_\_\_\_\_

# Міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы АНЫҚТАМА-РАСТАМА

С а л ы м ш ы

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Туған күні \_\_\_\_\_ күні айы жылы

Құжат түрі: Жеке куәлік

Нөмірі \_\_\_\_\_ берілді  
Жеке сәйкестендіру коды (ЖСК)

№ \_\_\_\_\_  
Ұйымның атауы \_\_\_\_\_

Төлеуші ұйымның БСН \_\_\_\_\_

Төлеуші - ұйымның орналасқан жері \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ қоса алынған кезең бойынша

Төлеуші - ұйымның орналасқан жері \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ қоса алынған кезең бойынша

Құжат күні	Төлем тапсыр №	Банк БИК-і	Банктің атауы	Зейнетақы қоры	Шот нөмірі	Төлем тапсырмасының сомасы	Жарналар сомасы

М.О. Кәсіпорын басшысы  
Бас бухгалтер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК